

# Құштарлық қанат бітірер

Ж.ЖӘЛЕЛҰЛЫ

Тағдыр-талайының ауыр болуына қарамастан, қайратына мініп, өмірге құштарлығымен қайран қалдырып жүрген біраз адамның басын «Өмір» шығармашылық оңалту орталығы біріктіріп отыр. Таяуда осы орталықтың бишілері қоларбада отырып билеуден өткен Қостанай облысының ашық біріншілігінен олжалы оралды. Қуанышты оқиғаға орай 19 шілде күні қоғамдық бірлестік директоры Светлана Качураның ұйытқы болуымен баспасөз мәслихаты өткізілді.

(Жалғасы 2-бетте)



Суретті түсірген: В.Фадеев

# Құштарлық қанат бітірер



Суретті түсірген: В.Фадеев

## **(Соңы. Басы 1-бетте)**

Кіріспе сөзінде Светлана Иосифовна жүлдегерлерді жетістігімен құттықтады. Енді олар жайында айтар болсақ, тірек-қимыл аппараты зақымданған спортшылар арасындағы біріншілікте латын-американдық билерді жұптасып билеуде Руслан Садвакасов пен Оксана Лим I орынды иеленіпті. Сонымен қатар, жеке билеуде Руслан – ерлер, Оксана әйелдер арасында жүлделі III орыннан көрініпті. Айтпақшы, екеуі бимен ғана емес, спортпен де шұғылданады. Руслан – пауэрлифтингтен қалалық, облыстық жарыстар жеңімпазы, ал Оксана жеңіл атлетикада көзге түсіп жүр.

Ашық біріншілік бағдарламасында аралас жұптар да өнер көрсетіпті. Онда Сергей Богдашин мен «Серпантин» би ансамблінің бишісі Эвелина Хлебнова еркін бағдарламада II орынды еншілепті.

Жалпы, бишілерді біріншілікке «Серпантин» би ансамблінің көркемдік

жетекшісі Алена Симонова дайындапты. Алена Николаевна баспасөз мәслихатында өз шәкірттері жайлы жылы лебіз білдіріп, мүгедек жандардың рухы мықтылығына, би қимылдарын тез үйреніп алатынына тәнті болғанын сүйіспеншілікпен айтты.

Жүлдегерлерді қала әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Зейнеп Нұркенова да құттықтап, дипломдар тапсырып, спорт костюмдерін сыйлады. Ал Светлана Качура «Екібастұздың болашағы үшін» қоғамдық бірлестігі төрағасы Раис Гайнуллиннің құттықтау хатын табыс етті.

Шара соңында жүлдегер бишілер өнер көрсетіп, қошеметке бөленді. Айтпақшы, мемлекет қолдауына сүйеніп, әлеуметтік жобаларды жүзеге асырушы «Өмір» шығармашылық оңалту орталығы денсаулығында кемістігі бар 40 бала мен 95 ересек адамды өздігінен өмір сүруге бейімдеп отыр.